«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ газеті • 2009 жылдың 1-мамырынан шыға бастады

# Мұнайлы өлке

№09 (119), қазан, 2019 жыл

*Шыңдалу шыңы*

# «ҮЗДІК МАМАН» КӨКЖИЕГІН КЕҢЕЙТТІ




**Дәстүрлі сайыстың биылғы ерекшелігі сол – отандық мұнайшыларымыз халықаралық жарысқа қатысты. Татарстан Республикасының Альметьевск қаласында ақтық кезеңі өткен «Үздік маман-2019» кәсіби шеберлік сайысынан жүлдемен оралғандардың арасында біздің үштік те бар! Ұлттық компания деңгейінде төртінші рет өткізілген байқаудың мақсаты «Татнефть» компаниясымен өзара ықпалдастықты нығайтып, тәжірибе алмасу болды.**



Еңбек адамының абырой-беделін арттырып, жұмысшы кәсіпті дәріптеуге бағытталған байқау төрт күнге созылды. Сайыста «ҚазМұнайГаз» тобына кіретін 26 кәсіпорыннан 182 қатысушы өз шеберліктерін сынға салды. Бұл мамандардың барлығы бұған дейін өз мекемелерінде іріктеуден өткен жеңімпаздар.

Байқаудың қорытынды бөлігінде газ бен мұнайды өндіру операторы, жер қабатындағы қысымды сақтау операторы, технологиялық қондырғының операторы, слесарь-жөндеуші, тауар операторы, компрессорлық қондырғының машинисі, технологиялық қондырғылардың машинисі, токарь, цементтеу қондырғысының машинисі, химиялық талдау лаборанты, электр-газбен дәнекерлеуші, электр қондырғыларды жөндеу мен қызмет көрсету бойынша электр монтері, ұңғымаларды жерасты жөндеу бригадасы, ұңғымаларды күрделі жөндеу бригадасы және т.б. 18 номинация бойынша жеңімпаздар іріктелді. «Татнефть» компаниясының сарапшыларынан тұратын қазылар алқасы олардың кәсіби машығы, тапсырмаларды орындау жылдамдығы мен қауіпсіздік техникасын сақтауын назарға ала отырып анықтады.



Халықаралық байқаудың салтанатты бөлімінде сөз алған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры Дәурен Қарабаев: «Шараны сапалы өткізу үшін барын салған әріптестермізге шексіз алғысымызды білдіреміз. Байқаудың нәтижесі бойынша корпоративтік рух күшейіп, мамандарымыз өздерінің кәсіби дағдыларын шыңдады», – деді. Қазақ мұнайының 120-жылдығына арналған төсбелгілермен марапатталған Татарстан Президенті Рустам Минниханов пен «Татнефть» ЖАҚ басшысы Наиль Маганов қазақстандықтардың жоғары кәсібилігі мен дайындық деңгейін атап өтті.

Байқау қорытындысы бойынша үздік үштіктен көрінгендер қатарында біздің мақтаныштарымыз Батырбек Көшбаев, Нұрлан Чимбаев, Аманбек Төлеубеков бар.

Компания мәртебесін асқақтатқан әріптестер жеңісі ежелгі еңбек дәстүріне адал ұрпақтың өсіп келе жатқанын дәлелдеді. Өздері таңдаған мамандықтарына мақтанышпен және үлкен жауапкершілікпен қарайтындарын жария етті. Ұжымдық рух бар екенін дәлелдеді.

**Батырбек Көшбаев**
**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ ғылыми-зерттеу ұңғымаларының операторы, ІІ орын:**



– Мен теориялық бөлімнің барлық сұрақтарына жауап беріп, жоғары нәтиже көрсеттім. Байқаудың практикалық бөлімі кезінде «СУДОС мини 2» құрылғысымен сұйықтық деңгейін бақыладық. Бұл тапсырманы орындау барысында мен уақыт кестесімен таныстым, барлық операцияларды тәртіпке сәйкес жасадым және сол уақытта айыппұлдардан аулақ болдым. Жөні ерекше осы жеңісім үшін Мейрамбек Оңаев, Нұрлепес Нөкенов ағаларыма алғысымды білдіргім келеді. Сапарымыздың мәдени бөлігі де өте жақсы ұйымдастырылған. Біз Ресейде Мұнай-газ кешені қызметкерлері күнін кең көлемде тойлаудың куәгерлері болдық. Жергілікті мұражайға барып, қаланың көрнекті орындарын араладық. Осы сәтті пайдаланып, татарыстандық әріптестеріме жылы қабылдағаны үшін, сондай-ақ «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы басшылығына осындай конкурс пен сапар ұйымдастырғаны үшін алғысымды білдіргім келеді. Бұл жетістік біздің ортақ жеңісіміз!

**Нұрлан Чимбаев**
**«Жетібаймұнайгаз» ӨБ прокаттағы жабдықтарды пайдалану, жөндеу цехының механикалық бөлімше токарі, ІІІ орын:**



- Компанияда жұмыс жасап жүргеніме 14-жыл болыпты. Үш рет бұл сайыста бақ сынап, биыл сәтін салып, республикалық байқауға іліктім. Жұмысшы мамандардың арасынан «үздік» атану мен үшін үлкен жетістік болды. Білімім мен тәжірибемді шыңдап, өзге елдегі әріптестермен өндірістегі жаңа технологиялармен жұмыс істеу тәжірибесі туралы пікір алмастым. Татарстандағы мұнайшылар күнімен және қала күнімен сәйкес келген сайыс жақсы ұйымдастырылған. Біздерді қаланың көрікті жерлеріне қыдыртып, мұнай мұражайына апарды. Алған әсерді ауызша айтып жеткізу мүмкін емес.

Алғаш мұнай шыққан жерлерді көрдік. Халықаралық дәрежеде шара ұйымдастырған ҚазМұнайГаз басшылығына, қолдау көрсеткен «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен жетібайлық әріптестеріме ризамын. Келесі байқауда бұдан да жақсы жетістікке қол жеткізуге тырысамын.

**Аманбек Төлеубеков**
**«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ қабат қысымын ұстау цехының операторы, ІІІ орын:**



- Ең алдымен мен бұл сайыстың өзге елде өтетінін естігенде іштей қанша қуансам да соншалықты қобалжу болды. Ішкі сайысқа қарағанда ҚазМұнайГаз сайысының ауыртпалығы сезілді. Дайындық та жаман болмады, мезгіл-мезгіл теориялық және практикалық дайындық болып тұрды.

Ол жаққа мұнайшылар күніне тап болдық. Сол мерекені атап өту шарасында түрлі сайыстардың, жәрмеңкелердің куәсі болдық. Біздің сайыс Альметьевск қаласындағы оқу-жаттығу полигонында өтті. Жиырма сұрақтан тұратын теориялық тестілеудің 17-сіне дұрыс жауап беріп, 8,5 ұпай жинадым. Шындығы керек, сайыс тартысты өтті. Мықтылар жиналған байқауда, Халықаралық деңгейдегі байқауда үшінші орын алу мен үшін үлкен жетістік. Маған сенім артқан барлық әріптестерге алғысым шексіз!

*Внутренние коммуникации*

# ВСТРЕЧИ В НОВОМ ФОРМАТЕ



**В АО «Мангистаумунайгаз» состоялись традиционные плановые встречи Правления Общества с трудовым коллективом. Примечательно, что впервые встречи проходили в новом формате: о текущей ситуации на предприятии, планах и перспективах собравшихся проинформировало не только руководство компании, но и курирующие заместители Генерального директора, каждый из которых в виде презентации подробно рассказывал о проделанной работе в зоне своей ответственности (производственный процесс, кадровые вопросы, социальный блок, финансово-экономические показатели и т.д.).**

Открывая встречу с нефтяниками ПУ «Жетыбаймунайгаз», первый заместитель Генерального директора АО «Мангистаумунайгаз», председатель совещания Калбай Измуханов сообщил, что рад приветствовать трудовой коллектив, а затем рассказал о текущей деятельности компании и предстоящих планах. В частности Калбай Измуханов представил ключевые стратегические инициативы поставленные Акционерами перед компанией до 2028 года: работа по управлению заводнением с целью снижения потерь нефти за счет падения жидкости на месторождении Каламкас и Жетыбай; расширение полимерной закачки на Каламкасе; увеличение МРП; доразведка; внедрение проекта «Интеллектуальное месторождение». Кроме того, председатель совещания, акцентировал внимание собравшихся на вопросах техники безопасности и охраны труда.



- Безопасность и охрана труда, охрана окружающей среды являются основными задачами Общества, мы должны стремиться к нулевой отметке по показателю травматизма. Что касается нарушений по системе GPS, то их количество идет на снижение со 189 в 2016 году, до 30 за 1-ое полугодие 2019 года, что, несомненно, является хорошей тенденцией, - подчеркнул Калбай Измуханов.

Далее заместители Генерального директора рассказали нефтяникам о проделанной работе по курирующим направлениям. В частности, заместитель Генерального директора по административным и социальным вопросам Жетыбай Тулегожаев сообщил, что в следующем году планируется реконструкция столовой №3 на месторождении Каламкас, ожидается ввод в эксплуатацию нового общежития на месторождении Асар, планируется проведение капитального ремонта блока общежития №37 на Каламкасе и др.

А затем по традиции наступил черед вопросов от трудового коллектива. Основная часть вопросов касалась оплаты труда, перевода в другие цеха или на другие разряды, также много пожеланий поступило касательно медицинского обслуживания.

По итогам встречи Калабай Измуханов поручил руководителям соответствующих структурных подразделений в установленные сроки принять конкретные меры по существу заданных вопросов.

По аналогичному сценарию прошла встреча с трудовым коллективом и на месторождении Каламкас. Правление Общества, заместители Генерального директора рассказали нефтяникам Каламкаса о проделанной работе, планах и задачах на предстоящий период, а также ответили на заданные вопросы. Здесь также вопросы касались оплаты труда, производственных процессов, перевода работников, получения банковских займов под низкие проценты, транспортировки сотрудников, социально-бытовых условий, приобретения спортивного инвентаря и т.д.

По итогам встречи с нефтяниками Каламкаса Калбай Измуханов, как и на месторождении Жетыбай поручил руководителям принять меры по каждому обращению и дать ответы на каждый заданный вопрос.

Завершающим этапом стала встреча руководства с сотрудниками центрального аппарата АО «Мангистаумунайгаз». После ознакомления с деятельностью, планами и перспективами компании, работники Общества задали ряд вопросов и озвучили свои пожелания. Например, одно из пожеланий касалось изменения времени графика работы АУП: в частности, в связи с тем, что многие родители с утра отвозят детей в дошкольные учреждения было предложено начинать рабочий день не с 8.00, а с 8.30. В настоящее время для решения данного вопроса проводится онлайн-анкетирование по внесению изменения в график работы, затем учитывая мнение большинства, будет принято соответствующее решение. Также звучали вопросы, связанные с оплатой обучения детей работников в ВУЗах, участия в конкурсных отборах на занятие вакантных должностей, материальной помощи пенсионерам и т.д.

Закрывая встречу, первый заместитель Генерального директора Калбай Измуханов, пожелал всему трудовому коллективу АО «Мангистаумунайгаз» здоровья, благополучия и новых трудовых побед!

*Вектор развития*

# ЛИДЕРСТВО И ЭФФЕКТИВНОСТЬ

**В АО «Мангистаумунайгаз» стартовал проект «Корпоративная культура организации». В рамках данной программы ведущие тренеры из России и Казахстана проводят интерактивный тренинг для топ-менеджмента АО «Мангистаумунайгаз».**

По словам организаторов тренинга, цель программы – это выработка системного представления о корпоративной культуре как стратегическом факторе внутренней среды компании, навыков анализа существующих реалий и подходов к управлению корпоративной культурой. Также в ходе тренинга специалисты в интересной и доступной форме расскажут руководителям нефтяной компании о факторах, влияющих на формирование культуры, об их преимуществах и ограничениях, ознакомят с приемами поддержания эффективных механизмов управления организацией и многое другое.



Программа состоит из 12 модулей, которые специально разработаны для АО «Мангистаумунайгаз». Модули проводят ведущие тренеры России и Казахстана, такие как Багдасарян Надежда - академик РАЕН (Москва), Карнацкая Лариса (Москва), Бекжанов Мухтар (Алматы), Ержанова Лилия (Алматы), Джалкибаев Жексен (Нур-Султан), Курганбаева Гульмира (Алматы) и другие.

К настоящему времени работники компании прошли обучение по двум модулям: «Эффективное командообразование» и «Лидерство в контексте корпоративной культуры». 17 октября стартуют занятия по третьему модулю – «Инструменты корпоративной культуры. Корпоративная культура как инструмент стратегического менеджмента».

- Во время занятий, выполняя различные задания, мне понравилась честность, открытость, сплоченность и ответственность моих коллег, - делится своими впечатлениями заместитель директора ДТБОТиООС Аманкос Мунгалов. – Больше всего запомнилось задание "Лабиринт" где без сплоченности, взаимоуважения и взаимодоверия друг к другу практически невозможно было выполнить поставленную задачу. Кроме того, в ходе тренинга мне как новому человеку в коллективе АО «Мангистаумунайгаз» удалось ближе познакомиться с коллегами, узнать о них много нового. Я благодарен руководству Общества за организацию тренинга, приглашение ведущих специалистов и бизнес-тренеров для обучения.

- В современных реалиях, успешное развитие практически любой компании, во многом зависит от эффективного управления корпоративной культурой организации, - в свою очередь говорит и.о. начальника отдела развития и обучения персонала ДУЧР Бекеш Кыдыров. – АО «Мангистаумунайгаз» благодаря единству и сплочению команды, почитанию истории и традиций компании, четким пониманиям ценностей и доброжелательному взаимоотношению в коллективе, является одним лидеров нефтегазовой промышленности страны, и в этом заслуга каждого из работников Общества. Сотрудник – это самый ценный ресурс компании, поэтому хотелось бы поблагодарить руководство АО «Мангистаумунайгаз» за организацию данного тренинга, способствующего созданию атмосферы сотрудничества и взаимопонимания в коллективе.



*Оқу-жаттығу*

# ТАКТИКАЛЫҚ АРНАЙЫ ОҚУ-ЖАТТЫҒУ

**Қыркүйек айының 30-ы мен қазан айының 4-і аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы нысандарында «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезіндегі жұмысшылардың әрекеттері және ОИТҚ диспетчерлерімен өзара әрекеттесуі, басқару пунктінің, хабарлау және байланыс жүйесінің дайындығы» тақырыбында жоспарлы тактикалық-арнайы жаттығу өтті.**

Осы тактикалық-арнайы жаттығуды іске асыру мақсатында қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар тобы құрылымдық бөлімшелер мен мердігер мекемелерге осы тактикалық-арнайы жаттығулар жөнінде ұйымдастыру ережелерін жіберіп, облыстық төтенше жағдайлар жөніндегі департаментіне хабарлама берді.



Төтенше жағдай туындаған жағдайда кеңсе қызметкерлерін нысаннан шығарып, эвакуациялаудағы дайындық деңгейін арттыруды көздеген шарада сценарий бойынша, 17 сағат 20 минутта Бас кеңседе өрт болғаны туралы сирена дабылы соғылды. Сиренаға қосымша Қауіпсіздік қызметі іштегі жұмысшыларға ескерту жүргізіп, 14 минут өткенде барлығы дерлік шығып болды. Компания қызметкерлері құтқарушылар келгенше адамдарды эвакуациялауды ұйымдастырып, әкімшілік ғимаратты электр желісінен ажыратты. Объектіге кіретін барлық есіктер мен қақпаларды ашты.

Өткізілген оқу-жаттығудың негізгі мақсаты - нысан қызметкерлерінің төтенше жағдай және адамдарды көшірудегі іс-қимылдарын пысықтау болды. Оқу-жаттығуға Маңғыстау облысының төтенше жағдайлар департаментінен аға инженер Айнабек Жаслан қатысты.

Осындай оқу-жаттығу Қаламқас, Жетібай кенорындарында да жалғасын тапты. Кемшіліктер де жоқ болмады. Шара қорытындысы бойынша жауапты қызметтердің үйлесімді жұмыс жасауына бірқатар сындар айтылды. Қызметтердің өзара байланысын жетілдіру жөнінде ұсынымдар берілді. Оқу-жаттығудың мақсаттары мен міндеттері толығымен орындалды.

# МӘРТЕБЕҢІЗ АСҚАҚТАСЫН, МҰНАЙШЫ

**Биыл Қазақстан мұнайының 120 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 40 жылдығы мұнайшы мәртебесін асқақтатқан, қарапайым еңбек адамының ерлігіне тағзым жасаған мамыражай мереке болды.**







Жыл басынан бастау алған мерекелік шаралар – жер-жерде өтіп жатқан кездесулер мен жиындар, көрмелер мен концерттер айтулы мерекелердің салтанатын асырды. Сала ардагерлерінің даңқына тағзымның дәлеліндей қазақ мұнай-газ саласын игеруге атсалысқан құрышқол азаматтар мерекелік төсбелгілер тағынып, түрлі деңгейдегі наградаларға ұсынылды. Әйтсе де, мұнай көзі ашылған жылдар ішінде өндіріс алаңдарында бірнеше буын ауысқанын ескерсек, ресми бекітілген мерекелік күндері марапатқа ұсынылған барлық азаматты қамтып өту мүмкін болмағандығы айтпаса да түсінікті. Осы орайда, Компания басшылығы мекеме тіркеуінде тұрған 1512 зейнеткердің ешбірі назардан тыс қалмасын деген ниетпен жыл аяғына дейін арнаулы кездесулер ұйымдастырып, мерекелік төсбелгілерді Компаниямыздың өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан зейнеткерлерге өз қолдарымен табыстау туралы шешім қабылдады.



Қазақстан Республикасының Еңбек күніне орай ардагерлермен алғашқы кездесу өтіп, 180 зейнеткер құрметке бөленді. Олардың ара-сында өндіріс қазанын қайнатқан мұнайшылар, геологтар мен қаржы, іс жүргізу, кадр, медицина мамандары және саланың шарықтауына қажетті тағы басқа көптеген мамандық иелері бар. Солардың бірі, көлік басқармасында 26 жыл еңбек етіп, құрметті зейнет демалысына шыққан Аманқос Қондыбаев:

- Бұл жұмысқа бар жастық жігерімізді, қажыр-қайратымызды арнадық. Қолымыздан келгенше, бір сәтке болсын жұмысты тоқтатпауға тырысып бақтық. Кешегі 90-жылдардың қиын-қыстау кездерінде де өндірістің тасын өрге домалатуға жұмылдық, ұжым болып ұйыстық. Бүгін сүріп жатқан жақсы күндеріміз сол ұжым табандылығының арқасы деп білемін. Осы орайда мынау біздерді назардан тыс қалдырмай, «мереке өтті ғой» - деп наградаларды да әйтеуір бере салмай, жиын жасап, дастархан жайып, салтанатты түрде табыстап жатқаны үшін Компания басшылығына алғысымды айтамын. Бүгін, міне, соның арқасында көптен көріспеген ұжымдастарымызды көріп, бізден де бұрын қызмет етіп кеткен аға-апаларымызбен жүздесіп бір жасап қалдық. Рақмет! – деп лебізін жеткізді.

1 қазан – Қариялар Күніне орай байырғы мұнайшылардың кезекті тобы тағы да «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамына жиналып, қошеметке бөленді. Ал, түрлі себептермен орталық кеңсеге келе алмайтын аға әріптестеріміздің марапаттары үйме-үй жеткізіліп, облыстың қала-аудандарына арнайы құттықтау топтары шығып жүргенін де айта кеткіміз келеді.

Мереке құтты болсын! Мәртебеңіз асқақтасын, Мұнайшы!
















# ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ: ҰЙҚЫДАҒЫ АРУДЫҢ ОЯНУЫ


Әбіш Кекілбайұлы

...«Егер жер шарындағы шөл атаулының барлық түрін, жалаңаш құзар шың қара тауларды, жапан түздің не ақшағаладай ағараңдап, не батар күннің нарт қызыл нұрындай жалқынданып, алыстан көз арбап тұратын көркем мұнаралары мен алдырмас қорғандары бар «сиқыр тас шахарларын», құм шағылдар төккен әшекейлерді, сорлардың сан-сапат түрлерін, шыңдар мен құзарттардың теңдесі жоқ не керемет үлгілерін өз көзіңізбен көргіңіз келсе, тастай боп дыңылдап жататын айдын тақырларды өз аяғыңызбен басқыңыз келсе, бояулардың не ғажайып сесі мен реңкін, ағын сулар аямай шимайлаған оюөрнектерді, құба түзде құландай жортқан жебір желдің қолынан не келетінін, шөлдің тағы басқа талай ғаламаттарын қызықтағыңыз келсе, - Маңғыстаудан артық жерді бәрібір таба алмайсыз. Шөл табиғатының алуан-алуан құбылыстарының бәр-бәрі осы бір асыл қазына жиған алтын сандықтай аядай өлкеден түгел ұшырасады. Алтын сандықтағы қыруар байлыққа әлі ешкімнің қолы тиген жоқ. Уақыты келгенде, ит арқасы қиян Маңғыстау пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеудің аса ірі орталығына айналып шыға келеді... Бұл өлке ұйықтап жатқан арудай өзінің оянар сәтін күтуде».

Айтудай-ақ айтқан емес пе?

СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, СССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, география ғылымдарының докторы Б.А.Федерович өзінің 1954 жылы шыққан «Шөл дидары» атты кітабында осылай деп жазған-ды.

Баяғыда, 1951 жылы тау үстінде елсізде екеуден-екеу келе жатқанда Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қаныш Имантай ұлы Сәтпаевтың тапсырмасымен Маңғыстау қазба байлықтарын зерттеп жүрген геологиялық экспедицияның жұмысымен танысуға келген академик Иван Иванович Боктың маған айтқаны да осы тақілеттес әңгіме болса керек.

Ауыл мектебінің төртінші класын бітірген мен ол кезде үлкен ғалымның айтқанына түгел түсінгем жоқ, бірақ біздің өлкені мақтап тұрғанына түсіндім.

Туған жерді мақтаған әңгіме де өзің жақсы көретін ғазиз жанды мақтаған әңгімедей құлағыңа ерекше жағымды естілетінін сонда ұқтым.

Содан бері ширек ғасыр уақыт өтіпті. Ол екі ортада асыл қазына жиған алтын сандықтың қақпағы айқара ашылды. Ұйқыдағы ару оянды.

Ол, шынында да, айтса айтқандай, ауыз ашып, көз жұматындай екен.

...Сөйтіп Қазақстан жұлдызын аспандата көтерген алыптардың бірі – Маңғыстау ХХ ғасыр кереметтерінің ұлы санатына қосылды.

Қазақстан көрмесін көрген канадалықтар пікір кітабына «Байқоңыр. Әуезов. Маңғыстау!» деген үш ауыз сөз жазыпты.

Ол бұрынғы шет аймақтың бүгінгі шырқап өскеніне қайран қалған сүйініш сезімі еді.

Үш заңғар биік. Біреуі ғылыми ойдың, біреуі рухани мәдениетіміздің, біреуі адам жасампаздығының асқар биігі.

***

...1961 жылы 5 июль күні Жетібай дөңінде мұнай фонтаны атқаны талай ғасыр саяхатшыларының аузына ілігіп жүрген Маңғыстау «алтын сандығының» ашылған күні болды.

Осы жолдардың авторы сол бір тұста Маңғыстауды аралап, мұндай барлаушылардың қостарында боп қайтқанды. Сол сапарда алған әсерлеріміз көз алдымызда әлі тұр.



Шығыс жақтан әуелі таң сәрінің селдір пердесін түре серпіп, жер ананың иығынан тырмыса созылған аппақ ақ сүйрік саусақтар көрінеді, сосын көкжиекті нұр шапаққа бөлеп, шұғыла шашқан алтын шаш жайылады, артынша-ақ күлім қағып күміс дидар жарқ етеді, күн шығады. Әдетте нұр сәуленің осынша салтанат құрған шағында жан-жануар, дүйім тіршілік мәз-мейрам болар еді, жапырақ біткен жайқалып, гүл біткен ырғалып, құс біткен сайрар еді. Бұл өлкеде олай емес, шығыс жақтан күн шыққаннан-ақ сауырын шоқ қарып бара жатқандай құба дөңдер басын жерге салып, бүк түсіп сұлқ шөгіп жатып алады. Таулар да шілде тамыздағы жылқыдай мойындарын көлеңкеге беріп, күн көзіне кірбіңдеп, теріс айналып кеткен секілді. Шөп біткен тымтырыс, иықтары салбырап мүлгіп қалыпты. Қайсысына қарасаң да жүздерінде кірбің. Сол жақтан бұларды талай рет қанға бөктіріп қырып-жойып кеткен қарақшы біреу қайта көрінгендей күн шығыс жаққа ешқайсысы беттемейді, төбелеріне сәуле емес, семсер төніп тұрғандай бәрі де бүкшиіп, бұғып алыпты. Бұларға күннің көзі – нұрдың көзі емес, удың көзі сияқты; тіршіліктің барша төлін емізіп келе жатқан енесі емес, баршасының мойнын жұлып келе жатқан жендеті тәрізді.

Бұл өлкеге күн де қатыгез, мейірімсіз; күні бойы шалып-шарпып, нәр сөлін түгел сорып ап батады да кетеді. Көзі қанталап, ашумен батады. Бағанадан бері тынысы тарылып, қаталап қалған тіршіліктің дені енді жайыла бастайды. Самал соғып, шөп басына да жан бітеді. Таулар мен дөңдер де енді еңсесін көтеріп бұрынғыдай емес, зорайып, қарауытыңқырап көрінеді. Бұл өлкенің бірінші жауы – күн. Осындай от қарыған өңірде, көсенің иегіндей тақыр жонда, қозының еті піскенше таң атып қалатын келте түнді саялап, жол шегіп, осы аймақты зерттеп шыққан ескі ғалымдар бұл жерді бірауыздан машақаттар өлкесіне сайды. Парақтары Маңғыстаудың сары жон адырларындай сарғыш тартқан бұл өңір жайлы ескі кітаптарды ақтарып отырсаңыз олардың авторларының қай-қайсысы да табиғат қытымырлығынан көрген жәбір-жапаларын айтқанда желдей есіп кетеді.

Міне, біз сол өлкедеміз. Біз жүріп келе жатқан жол Маңғыстаудың ғаламатымен де, машақатымен де егжей-тегжейлі таныстырып келеді. Маңғыстау өңірінің күре тамырындай кәрі жолдан қазір жаңа бір тарам айрылады. Ең жолаушысы көп жол да – сол тармақ. Ол Жетібайға баратын жол.

Жетібай! Аты жер жарған Жетібай – шетсіз-шексіз мидай жазық дөң. Аз ғана жыл бұрын көл-көсір осы дөңнің үстінде қажет десеңіз бір отар қой да бағылмапты. Сауырына із түспестен құла-дүз болып құлазыпты да жатыпты. Баяғы бір заманда бұл жерде де ел жайлап, халық мекен еткен дегендей аннан-мұннан көнетоз күмбез молалар мойнын созып қалады. Кеше ғана моладан басқа көзге түсер ештеңесі жоқ атырапта бүгін барсаңыз бұрғышылар мұнарасы құжынайды. Тентек шаңытқа әлі тиым салына қоймапты, бұрқыратып жүр. Қаратаудың бойындағы ыстық ыстық па, мұнда келсеңіз тандыр пештің ішіне түсіп кеткендей боласыз. Сая біткеннен саяқ шығарып ап, саршатамыз күн білгенін істеп бағады. Осындай ыстықта терілері күйе піскен бауырсақтай күреңіткен жап-жас жігіттерге толы машиналар ерсілі-қарсылы ағылып жатыр. Бұлар скважиналарға бара жатқан, содан қайтып келе жатқан вахталар. Оларға мынау қайнап тұрған шілде түк әсер етпейтін тәрізді. Төңірегіміз – мігірсіз қозғалыс. Сол қозғалыстың тоғысар жері – Жетібай поселкесі. Ол егіз біткен екі дөңестің арасындағы құжынаған жер кепелер. Қарасын көріп қомсынсаңыз да осында пәлен мың халық тұрады. Жұмыс күші болса көп керек. Ағылып келіп те жатыр. Келген бойларында зып етіп кіріп кетер баспана жоқ. Сонда да келіп жатыр. Сонда да бұрғылау істері тоқтап көрмепті. Жұмысшылар скважина басынан қайтқан соң мемлекеттен құрылыс материалдарын алып, өздеріне үй салады, алды аңдап-аңдап тұрып та қалыпты. Дегенмен, әлі аз. Бойдақтарды былай қойғанда, бала-шаға, үй ішімен шатырларды баспаналап жатқандар қанша! Алғашқы барлаушылар келіп орныққан кезден қалған шәлтік жер кепелермен қоштасқан абзал. Жетібайдың қазіргі бір қиянатын шегіп отырған қиыншылығы – осы, тұрғын үй мәселесі. Бізге Жетібай терең бұрғылау экспедициясының бас инженері Александр Захарович Васин жолдас өздері жатқан үйді апарып көрсетті. Бұл да белшесінен жерге батқан жер кепе екен. Үш төсек тұр. Біреуі бас инженердікі, біреуі экспедиция бастығынікі, біреуі бас геологтікі. Жаңбыр жауғанда басшылардың төсектерінде түні бойы тамшы асыр салып шығатын көрінеді. Ең мықты деген баспананың сиқы осы.

Біз Жетібайдың көшелерін аралап болған соң бұрғышылардың еңбегімен танысқымыз келді. Бас инженер бізді алдымен бүкіл Маңғыстаудың алтын діңгегі атанған атақты «Алтыншы буровойға» әкелді. Ақ шаңыт боп жататын алатағанақ дөңнің кеудесінде қап-қара көл жатыр. Өткен жылы июль айында Маңғыстаудағы тұңғыш мұнай фонтаны осында атты. Түнгі сағат екінің тұсында бүкіл Жетібай машинаға іліккені машинамен, ілікпегені жаяулатып осында тартыпты. Оларды осы жерде аспанға шашып атқан адуын фонтан қарсы алды. Ол осы өлкеге тасталатын «Маңғыстау мұнайын игеріңдер!» деген жаңа дабыл, жаңа ұранның соңына қойылған леп белгісіндей боп, көк қойнына шаншыла шапшыпты. Биіктігі 50 метрден асып кеткен фонтан – ұзақ жылдардағы барлау-зерттеудің алғашқы нәтижесі. Бұл скважинаның көрсеткіштері Маңғыстаудың келешегін дәлелдеп берді. Мынау безбүйрек ұшан дала жылдар бойы қыруар байлықты, миллиондаған тонна мұнайды бауырына басып, жасырып келіпті. Мұнай болған қандай қандай, күкірті жоқ, өндеуге таптырмайтын таза мұнай! Құрамында парафин бар. Кейінгі жылдарға дейін мұнайдың құрамындағы парафин де бір қырсық атанып, қарлы қаратау боп келген екен. Қазір ғалымдар оның пайдасы болмаса зияны жоқ деп тауыпты. 2383-2389 метр тереңдік аралығынан атқан бұл скважина диаметрі 12 миллиметр штуцерден (тесіктен) атқанда сөткесіне жүздеген тонна мұнай береді екен. Бұл фонтан атқанда вахтаға тұрғандарды жетібайлықтар ерекше құрмет тұтады. Олар: бұрғышы мастер, 1957 жылы Грозный мұнай институтын бітірген жас инженер Николай Петров, бұрғышы Бейсенғали Бажиев, бұрғышының жәрдемшісі Найзабек Толтырбаев, машинист Ермұхан Таужанов, жұмысшы Борис Сүлейменов. Қазір Бейсенғали қарт пенсияға шығыпты. Николай мен Найзабек жаңа скважина бұрғылап жатыр, ал сол атақты вахтаның ең жас мүшелері Ермұхан мен Бористі Гурьевте көрдік. Олар Жетібай мұнайы жайлы диплом қорғағалы жатыр екен. Диплом алған бойда Маңғыстауға аттанбақ.



Жетібайдан соң Өзен дабылдата бастады. Онда 1248-1261 метр тереңдіктен мұнай мен газ атыпты. Бұл екі қос батыр ертеңгі шалқығалы тұрған мол байлықтың көш басшылары. Жаңа мұнай аудандарын игеру үшін бұл алаңдардағы бұрғылау жұмыстары күшейтіліпті. Осы жылы өткен жылғыдан екі есе көп скважина қазылып жатыр. Келер жылы тағы екі есе көбеймек. Ол үшін бұрынғы Жетібай, Өзен разведкалары терең бұрғылау экспедициялары болып үлкейтіліпті. Маңғыстау мұнайы мен газының қоймасы тек Жетібай мен Өзен болмасқа керек. Енді терең бұрғышылар Беке-Басқұдық, Қарашажы, Табас алаңдарына барып мұнара орнатпақ. Сонда бүкіл түстік Маңғыстаудың өн бойы бұрғышы мұнараларына толмақ. Мұнай мамандары ашылған мұнай алаңдарын қазірден бастап игере беруді ұсынып жүр екен. Неде болса, өте жақын арада бұл арада тек барлаушылар ғана емес, мұнайшылар да еңбек ететін болады.

Ата жұртынан табылып жатқан қыруар қазынаны игеруге жергілікті жастар қызу кірісіпті. Кешегі шопан жастар қазір бұрғышы атаныпты. Бұрғышы Табылған Құлжанов Жетібайдың бір пұшпағын жайлаған «Ақ шұқырдан», ал электрик Өсербай Сейітмағамбетов сонау Бозашыдағы «Тұщықұдықтан», оның әріптесі Аймұқан Таужанов Жетібайға тиіп тұрған Ондыдан. Үшеуі де Гурьевтің мұнай техникумын бітіріпті. Оларға еріп парталасы – бұрғышы Шамел Камалов та осында келіпті. Жетібайда бұрғылау жұмыстары басталғалы осында жұмыс жасап келе жатқан Сабыр Бисенов пен Сапарғали Жанұзақов биыл Бүкілодақтық политехникалық институтының мұнай факультетіне сырттай оқуға түсті. Мұндай жастар Жетібайда өте көп...

**1962 жыл.**



## КЕМЕҢГЕРДІҢ КЕМЕЛ СӨЗІ

Мәңгүрттік – барлық ғасырда бар құбылыс. Аздың емес, көптің басындағы құбылыс. Мәңгүрттік – тек тіліңді ұмыту, тегіңді ұмыту емес. Тілің мен тегіңді ұмытқаныңды да байқамай қалатындай әлеуметтік жетесіздік. Өзіңді ғана ойлап, еліңді ұмытып кететін парықсыздық. Бүгінгіні уайымдап, ертеңгіні уайымдамайтын таяздық. Ондайлар қайда жоқ?! Тек қана ана тілін ұмытқандарды ғана жазғыру әділдік емес. Ана тілінде сайрап тұрған да талай мәңгүрт толып жүр. Ең басты мәңгүрттігіміз – өзімізді дұрыс бағалай алмайтындығымыз. Әр нәрсені бір сылтауратып, өзімізді өзіміз кеудеден итеретініміз. Басқаларға өкпелеудің жөні жоқ. Сыйлай білетінді сыйлай білмейтін кісі жоқ. Әңгүдікке ұрынсақ өзімізді де өзгені де сыйламаймыз. Өзімізге де, өзгеге де сыйлата алмаймыз. Жаңаның жақсылығын, ескінің қадірін білмеген адам бәрібір біле алмайды. Таңсықтың соңынан жүгіре жөнелу бейтаныс жолаушының соңынан далақтап шаба жөнелетін әупілдектерді еске салады. Көбі саққұлақтылықтан емес, әңгүдіктіктен әупілдейді. Қазіргідей заман өзгеріп жатқан тұста құдай сондай әлеуметтік әңгүдік пен әупілдектіктен сақтағай.

Жасарып-жаңғыру үшін бұрынғының аузы-мұрнын қан қылу тіпті де шарт еместігін тарих талай рет дәлелдеп берген. Бабалар айтқандай, өлі риза болмай, тірі байымайтынын, ағаның назары жығылғаннан інінің базары тасымайтындығын, алдыңғының ынсапсызды,ы артқыны имансыз ететінін, үлкеннің жолын кесkеннің көрінбей қаларын, кішінің жолын кескеннің көмілмей қаларын бір сәт те естен шығармайтын, тұс – қазіргідей өтпелі кезең, өлара кезең.

Елдіктің жолында өзіңнен зорды құрметтей білу – биік адамгершілік, өзіңмен теңге құлақ асып, қызмет етіп, тілек тілесе білу – ұлы адамгершілік.

Ел болмас елдің – төбесіне ту тұрақтамас, төресіне – тәж тұрақтамас. Ту тұрмас тұлдыр үйге, тәж тұрақтаспас тұлдыр басқа – байлық пен ырыс қалай қонатын еді.

Шын азаматты – пендешілікке, шын езді – есерлікке жібермейтін ертеңге деген сенім, келешек алдындағы жауапкершілік.

Көк пен жерді – күннің нұры, әйел мен ерді – қимас көңіл біріктіріп тұрады.

Алдынан үлгі таппаған – іні қараң, артына үміт артпаған – аға қараң.

Бір-бірінің қынын арқалаған ұрпақтан өрбігендер бір-бірінің көз жасынан сескенбейтіндей тас бауыр болып өседі.

Асылы әйел алсаң анасына қара, жолдас ертсең әкесіне қара дегенді баяғы шалдар қымыз ішіп, қызар бөртіп шалықтап отырып емес, бастарына бірдеңе мықтап тиген соң айтқан болды ғой. Әй, аруағыңнан айналайын ата-баба мал бағып, мақал шығарудан басқаны білмеген сендердің айтқандарыңды түгел орындап жүрсек те, басымыз бүйтіп айналмас еді-ау. Ести тұра ұқпай, ойымызда сайрай тұрса да ұмытып кетіп, құдай атады ғой бізді.

Өзіңнің жақсы іс тындырып жүргеніңді айту үшін өзгенің істеп жатқанының бәрін біздің көшеге әкеп айқайлаудың, басқа мінбелерде айтылып жатқанның бәрін біздің мінбеден қайталаудың да тигізер пайдасы шамалы.

**ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ**



*Темірхан Медетбек*

## ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ

*Қара нардай қатепті*
*Алп, алп басқан, алп басқан,*
*Маңғыстаудың жеріндей*
*Маңдайы ашық марқасқам!*
*Қуат алған, күш алған*
*Қарындастан, қандастан.*
*Қолдасқанмен қолдасқан,*
*Арбасқанмен арбасқан.*
*Бұйра бұлт секілді*
*Бұйра шашың қар басқан*
*Бір өзі бір үй толтырып*
*Отыратын қасқайып*
*Жаралғандай жартастан!*

*Алп, алп басқан, алп басқан,*
*Маңдайы ашық марқасқам.*
*Әділдік үшін туыс пен*
*Жақынын да жатсынған*
*Шамына тисе, болаттай*
*Күйсініп кетсе кімге де,*
*Шамырқанып шарт сынған!*
*Өңменінен өткізіп,*
*Жетесіне жеткізіп*
*Айтам десе, айта алған.*
*Жібектей сонсоң есіліп,*
*Бәрін де, бәрін кешіріп*
*Қайтам десе қайта алған*
*Елім десе, қақырап*
*Қабырғасы сөгілген.*
*Жерім десе, шырқырап*
*Жан-жүрегі езілген.*

*Артық та туған ағам- ай!*
*Сапырып сөздің теңізін*
*Іздеген ойдың маңызын*
*Өткеннің қиян түбінен*
*Арқалап жеткен аңызын.*
*Халықтың мұңлы зарынан*
*Жаралған қара қобызым.*
*Халықтың шерлі жанынан*
*Жаралған дана Абызым!*
*Сөйлеп берсең шешіліп*
*Айналасын шешенге.*
*Сөйлеп берсең көсіліп*
*Айналасың көсемге.*

*Сол бір кезде мен сені*
*Бұлт байлаған басына*
*Қаратауым десем бе,*
*Алатауым десем бе,*
*Жанартауым десем бе,*
*Дара тауым десем бе,*
*Дана тауым десем бе?!*

*Тарихқа тағзым*

# БАҒАЛАЙ БІЛМЕГЕНГЕ БАҚ ҚОНБАЙДЫ...





Маңғаз Маңғыстаудың мақтаныштарының бірі – киелі орындары мен ежелгі қорымдары. Аспан астындағы мұражай атанған паң далада мұндай нысандар аз емес. Солардың бірі, әрі бірегейі - Бекі елді мекенінің батыс жағындағы Қандыбас қырқасына таяу орналасқан Қараман ата қорымы.

Зерттеушілердің айтуынша, қорымдағы ең ескі бейіттер XII ғасырға тиесілі. Онда ортағасырлар дәуіріне жататын құлпытастар, тас қоршаулар, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басындағы адай шеберлерінің қолымен тұрғызылған күмбезтамдар, сағанатамдар, күрделі ою-өрнектермен өрнектелген құлпытастар, қойтастар, тас қоршаулар мен тас белгілер кездеседі. Жалпы қойылым саны 1000-нан астам. 1982 жылы мемлекет қорғауына алынған бұл тарихи нысанның ерекшелігі – қорым жанында орналасқан Қараман ата мешітінің құрылысында. Ол толығымен жер астында орналасқан бірегей діни сәулет туындысы. Жер асты мешіті үш бөлмеден тұрады: кіреберіс бөлме, оған жалғасқан намаз оқитын зал және Қараман ата жерленген дөңгелек бөлме.

Ал аңыздар Атаны Қожа Ахмет Иасауи бабамызбен байланыстырады. Кей деректерде Ақман, Қараман деген ағалы-інілі болған дейді. Енді бір аңыздар оны Шопан атаның немересі деп атайды. Қараман ата мен Шопан ата мешіттері арасын жалғаған жерасты өткелі болған деген де аңыз бар.

Ал Қараман атаның Маңғыстау жеріне келуін оның Ислам дінін уағыздай келуімен байланыстырады. Атаның кереметтігі - ақ-қараны тез айырып, ақиқатты қиянатқа қимаған жан болған екен.



Сол себепті болар, ол жерленген орын Антқа тұратын киелі жерге айналған. Солардың бірі Қараман Ата басындағы түрікпендер мен анттасу оқиғасы. Қожаназар байдың Қошан деген кенже ұлы Антқа тігілгенде, Бекет Ата Тәңірге жалбарынып; «Уа, құдайым, біз айыпты десең, бізді ат, қара айыпты десең, қара атты ат!» дегенде, қара ат антқа керілген ала арқаннан аттай бере құлапты да, Қошанның астындағы ерінің алдыңғы басына шаншылған біз тұрған жері ұшып кетіпті. Аттан құлаған сәби Қошан бір аунап барып, қайта тұрады. Бұған көнбей дау шығарған қарсы жақ: «Басына келіп Ант ұстасып тұрған Қараман әулие тегіне тартып қазақтарға жақтасып кетті. Көне Ургеніштегі Шикабір (Шейх Күбір) әулиеге барып, қайта анттасамыз!» деп қиқулапты. Сонда Бекет: «Айтқандарыңыз болсын, ертең таң намазында сонда кездесейік» - деп қара киімді Қошанды алдына алып, қара сәйгүлікпен ұшуға қомданғанда, дауласқандар: «Бұлай құдіретін көрер көзге асырып тұрған жұртпен тайталасып болмас!» деп, мәмлеге келген екен. Жауласып жүрген екі ел осылай татуласыпты»

Міне, осындай Құдайдың сүйген құлының мәңгілік мекеніне айналған киелі нысан, теңдесі жоқ сәулет туындысы табиғат пен уақыттың әсерімен мүжіле бастаған еді. Алайда, дер кезінде назарға ілініп, өлкенің белсенді азаматы мәдениет және дін жанашыры Сәуле қажы Бердіханқызының бастамасымен «Қараман ата» қоғамдық қайырымдылық қоры қайта тіркеуден өтіп, тынымсыз тірлік пен табанды еңбектің арқасында Қараман Ата мешітін қамқорлыққа алу туралы идеясы «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарма төрағасы Алик Серікұлы Айдарбаев мырзаның тікелей қолдауына ие болды. Соның нәтижесінде биылғы жылы діни сәулет туындысы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қамқорлығына алынып, тарихи нысанның аманаты толығымен Компания мойнына өтті.

Компания басқарма мүшелері бастаған бір топ азамат Қараман Ата қауымында жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге белсене араласты. Ескерткіш аумағын заманауи, қажетті құрылыстармен қамтамасыз ету туралы шешім қабылданып, жалпы құны 500 млн. теңгеден асатын жоба көпшілік назарына ұсынылды. Халық мақұлдап, бүгінде жұмыстар қарқынды жүзеге асырылып жатыр. Жоба аясында Қараман ата жерасты мешітіне дейін 16 шақырым жол, 11,5 шақырым тоқ желісі, кешен басына 300 орындық түнеухана, асхана мен дәретхана және 250 метрлік құдық қазылатын болды. Бұдан бөлек, ескерткіш тақта, арнайы қақпа, қорым айналасына дуал орнату жоспарланған. Мешіт іші де жарықтандырылып, абаттандырылатын болады.





Жоспар бойынша жобаның біту мерзімі де биылғы жылдың қазан-қараша айларына бекітілген. Демек, көлденең кедергі келмесе, Қараман ата тарихи-мәдени ескерткішінің жөндеу жұмыстарынан кейінгі ашылу салтанатын жуырда тамашалайтын боламыз. Осы орайда елдің жобаның жүзеге асуына қызу қолдау көрсетіп жүрген Компания басқарма мүшелеріне, өндірістік және құрылымдық бөлімдер қызметкерлеріне алғысы шексіз.

Әулие – Алланың досы дейді. Демек Жаратқан өзі жарылқаған Атаның рухы риза болсын деп жасалып жатқан осынау жұмыстар Алланың да разылығына себеп болады деп сенеміз. Осылайша барымызды бағалай алсақ, бағымыздың да таймасы анық! Ендеше, Алла баршамызға разы болсын!

*ПАМЯТКА*

## РЕКОМЕНДАЦИИ ПО ПОВЕДЕНИЮ ВСЕХ СОТРУДНИКОВ ГРУППЫ КОМПАНИЙ «КАЗМУНАЙГАЗ» В СОЦИАЛЬНЫХ СЕТЯХ

Мы уважительно относимся к свободе самовыражения наших сотрудников и призываем следовать нашим рекомендациям

**ЭТИКА ПРЕЖДЕ ВСЕГО**
вы работник национальной компании, соблюдайте Кодекс деловой этики КМГ всегда и везде

**БУДЬТЕ УВАЖИТЕЛЬНЫ**
придерживайтесь корректного тона и избегайте нецензурной лексики, оскорблений

**СОБЛЮДАЙТЕ КОНФИДЕН-ЦИАЛЬНОСТЬ**
информация не должна содержать служебную, коммерческую информацию о КМГ и его партнерах

**НЕ НАРУШАЙТЕ ЗАКОН**
не размещайте и не распространяйте информацию противоправного, либо заведомо ложного характера

**СЛЕДУЙТЕ ОБЩЕПРИНЯТЫМ МОРАЛЬНЫМ ЦЕННОСТЯМ**
не публикуйте фото-, видеоматериалы, пропагандирующие жестокость, употребление алкоголя или наркотических веществ и т.п.

**БУДЬТЕ ОТВЕТСТВЕННЫМИ**
любое ваше высказывание может расцениваться как официальная позиция компании. Имидж компании напрямую зависит от вас

Не публикуйте в социальных сетях информацию (любые текстовые сообщения), в том числе фото и видео, содержащие нарушения правил техники безопасности, сцены несчастных случаев или инцидентов на производстве. Об указанных нарушениях и инцидентах следует незамедлительно сообщить руководству компании и/или непосредственному руководителю.

** рекомендации подготовлены на основе Кодекса деловой этики КМГ*

*Қайырымдылық*

## «МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ» ҚОРЫ ХАБАРЛАЙДЫ

«Мұнайлы өлке» қайырымдылық қоры қамқорлық кеңесі қыркүйек айында өткен отырыстың хаттамасына сәйкес келесідей қайрымдылық шаралары жүзеге асырылғанын хабарлайды.

Өткен айда Қор атына 3 өтініш келіп түсті. Біріншісі көпбалалы ана Т.Сырлыбаеваның балаларын мектепке дайындап көмектесу туралы өтініші және науқасқа шалдыққан Турин Б., Қазтуғанов Р. есімді әріптестеріміздің екі бірдей өтініші.

Кеңес мүшелері өтініштерді қарастыра келе жиналған қаражаттың 212670 теңгесін «Мектепке жол» акциясы аясында көпбалалы азқамтылған отбасы анасы Т.Сырлыбаеваның өтінішін қанағаттандыруға және қалған 490000 теңгені теңдей бөліп науқасқа шалдыққан Турин Б. және Қазтуғанов Р. есімді әріптестеріміздің мұқтаждығына жұмсау туралы шешім қабылдады.

Сіздер де Қор қатарына қосылып, мұқтаждарға көмек беремін десеңіз 212194 телефон нөміріне хабарласып, арыз үлгісін алуға шақырамыз. Жұмыла көтерген жүк жеңіл! Жүрек жылуымен бөлісе жүрейік.

*Қарттар – асыл қазынам*

# КЕШЕДЕН КЕЛДІК БҮГІНГЕ






Биылғы мерейлі мерекелерді «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы Қаламқас, Жетібай, Өзен кен орындарында екпінді еңбек етіп, жақсы жетістіктермен қарсы алып, кең көлемде атап өтті.

Кешегіні білмей ертеңгі күнге аяқ баса алмаймыз. Өткізілген шаралардың шарықтау шегі - 29 тамыз күні компания іргесін қалаған, негізін салған ардагер қызметкерлер - бүгінгі күнгі зейнеткерлер «Палаццо» мейрамхана-сына салтанатты кешке шақырылды. Ардагерлер «Қазақстан мұнайына 120 жыл» мерекелік медалімен марапатталды, кеш қонақтары үшін облыстық филармония өнер шеберлері толғауы терең терме, әсем ән, көркем күйден шашу шашты. Кеште еңбек ардагерлерін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай-сервистік активтерді басқару департаментінің директоры Жанболат Саймағанбетов, «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры Ақылбай Есболұлы Сапаров, бұрынғы директорларының бірі Нұрболат Жұбаев, бас директордың орынбасарлары Дүйсенғали Бегейұлы Атчибаев, Қайсар Саттарұлы Бекбауов, Ахмет Өтегенұлы Салманов құттықтап, мерекелік медальдар мен құрмет грамоталарын табыс етті.

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету, інілік ізеттілік таныту – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Олардың өмірлік тәжірибесі мен ақыл-кеңестері, тәлім-тағылымдарының біз үшін орны бөлек. Себебі әрқайсысының компанияның өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі зор, еңбегі ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларды өсірді. Бүгін, еңбектерінің зейнетін көріп отырған шақта да олар ұрпақтарына игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емес.






Құрметке бөленіп, естен кетпес ықыластың шуағына шомылған зейнеткерлердің арасында ұзақ жылғы ғұмырын бухгалтерлік есепке арнаған Қадірәлі Төлепбергенов, энергетик болып жұмыс істеген электр энергетикасы және энергетикалық нысандар құрылысы саласында тәжірибелі басшы және маман ретінде танылған Абылай Отарұлы Баксеновкеш, Серіктестіктің өндірістік-оперативтік басқармасын көп жыл басқарған, директордың өндіріс жөніндегі орынбасары болған, қиын шақтарда өндірістік жоспардың уақытылы және сапалы орындалуына атсалысқан Үсен Досжанов, парасат-пайымы кең азамат ретінде құрметке ие болған Қалу Садақбай, Нұрберді Қосбаев, Ботагөз Айтқалиқызы Абдуллина, Баласары Айтанова, Балгенже Әбдіғалиева сынды зейнеткерлеріміз өздері еңбек еткен жылдардағы естеліктерімен бөлісті.

Жазып қойған хатпен тең қазына ақсақалдарымыздың сөзінен кәсіпорын тарихы жадымызда жанданып, көз алдымызға келді. Ортақ мақсатқа жету жолында ерен еңбектің үлгісін көрсеткен ардагерлер эстафетасы сенімді қолда деп есептеуге негіз бар. «Oil Construction Company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұжымы алдағы алынатын белестерге егемен елдің, кәсіпорынның алға қойған мақсаттарына сай ырыстың бұлағы — жемісті еңбек етіп отырған ұжым мүшелері қарыштап жете бермек.

**А.Есбосын**
**«Oil Construction Company» ЖШС**

# МӘРТЕБЕСІ БИІК МЕРЕКЕ

Қазақстан мұнайына 120 жыл толуына орай «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС-де салтанатты жиын өткізілді. Бұл жиында мұнай саласына өз үлесін қосқан майталман қызметкерлерге «Қазақстан мұнайына 120 жыл» атты төсбелгілер табысталды. Айшықты мерекеге орай ұйымдастырылған салтанатты шарада мекеме басшылығы қызметкерлерді үлкен мерейтоймен және мұнайшылардың кәсіби мерекесімен құттықтап, игі тілектерін жеткізді. Айтулы шараға «Қазақстандық мұнай-газ кешенінің салалық кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Қалиев Сұлтан Есімұлы және Мұнай-сервистік активтерді басқару департаментінің директоры Жанболат Амангелдіұлы Саймағанбетов қатысып, оларға қызметкерлерге төс белгілерді табыстау бұйырды.





Сондай-ақ, ұйымның 20 қызметкері өздерінің адал еңбегі үшін және көлік саласының дамуына елеулі үлес қосқаны үшін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, Маңғыстау облысы әкімі мен «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университеті атынан құрмет грамоталарымен марапатталды.

# ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН АЗАМАТТАР

«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС ұжымы «Жас мамандар кеңесі» мүшелерімен бірге «Қазақстан мұнайына 120 жыл» және мұнай кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында өндірісте жарақат алған қызметкерлерді көңілден таса қалдырмай, құрмет көрсетті.

Шара Утенов Ундасын ағамыздың үйінен бастау алып, Басбай Қайрат, Жарылғасов Бүркіт, Сельбаев Нұрғали, Кузембаев Амантай, Токтасинов Шамшедин, Сәңкібай Елемес, Кушбаев Оразбай ағамыздың пәтерімен аяқтады. Кезекпен-кезек қызметкерлердің үйлеріне барған мекеме жұмысшылары құрмет грамоталары мен сыйлықтарды табыстады.

Өз кезегінде Маңғыстау облыстық «Шаңырақ» мұнайшы ардагерлер қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жарылғасов Бүркіт «Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС алғыс хатын ризашылықпен табыс етті.



# МІНДЕТ – АРДАГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ



«Ардагерлеріміз – мақтанышымыз! Ардагерлеріміз – ардақтыларымыз! Ардагерлеріміз – қазынамыз!» деген девизді ұстанған «Ойл Транспорт Корпорейшэн» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – «ОТК» ЖШС) «Қазақстан мұнайының 120 жылдығын» және мұнай-газ саласы қызметкерлерінің төл мерекесін жоғары деңгейде атап өтті.

Мекеме басшылығы ардагерлерді мейрамханаға шақырып, бір дастархан басына жинап, оларды мерекелік шарамен құттықтап, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Қазақстан мұнайына 120 жыл» атты төс медальдарымен марапаттап, салтанатты шараны абыроймен өткізді деп айтсақ қателеспейміз.

- Ардақты ардагерлерімізге құрмет көрсету біздің борышымыз. Өздерінің жастық жігерлерін еліміздің гүлденуіне сарп етіп, еңбек жолын мекеменің өркендеуіне арнаған жандар тек құрметке лайық. Ендеше, дендеріңізге саулық тілей отырып, арамызда аман-сау жүрулеріңізге тілектестігімді білдіремін, – деді «ОТК» ЖШС бас директорының орынбасары Нұрлан Құрмашев.

Мерекелік көңіл-күйде келген қонақтар кезінде бірге жұмыс жасаған замандастарымен жүздесіп, көңілдері бір марқайып қалды. Қазыналы ардагерлерді төрге шығарып, ақ тілектерін білдірген «ОТК» ЖШС бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасарының м.а. Еділбай Кушеров пен қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» ҚБ төрағасы Марат Теміркасов төс белгілерді кеуделерге тағу рәсімін жасады. Мерекелік құттықтау сөздерін бейнебаян да арқылы жеткізген мекеме ұжымына зейнеткерлер дән риза болды. Дәмді шәй үстінде естеліктер айтылып, ән шырқалып, жылы лебіздерін білдірген зейнеткерлер көтеріңкі көңіл күйде тарқасты.

**«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС**

# МҰНАЙ ТАРИХЫ – ЖАС СУРЕТШІНІҢ КӨЗІМЕН

**Қадірлі оқырман!**

**Өзіңізге белгілі, биылғы мұнайшылар күні мерекесі Қазақстан мұнайының 120 жылдығымен және Қаламқас кенорнының 40 жылдығымен қатар тойланып, әдеттегіден гөрі ауқымдырақ өтті. Мерекелік шаралар жыл басынан басталып, «40 жылдыққа - 40 игі іс» жобасына сай мәдени-көпшілік, қоғамдық-саяси шаралар мұнайшыларды ғана емес, облыс аумағын кеңінен қамтыды. Соның бірі - компания жариялаған облыстық ашық балалар суреті байқауы. Байқауға облыстың аудан-қалаларынан оқушылар қолынан шыққан 130-дан астам туынды ұсынылды. Газетіміздің бүгінгі санында – байқау жүлдегерлерінің қолынан шыққан өнер туындыларын ұсынғалы тұрмыз. Тамашалаңыздар...**


Жақсылықова Эльмира, 15 жас



Жетіру Алина, 14 жас


Қуат Аружан, 14 жас



Берік Дәулет, 15 жас



Рахимова Аделина, 9 жас



Сұлтанова Гауһар, 16 жас



Нұрбек Нұрасыл, 10 жас


Тұрарбек Алтынжан, 12 жас


Жаңғабай Арайлым, 13 жас



Айтғали Рақымжан, 5 жас


Дүбірай Нұргүл, 12 жас


Иманкулова Жаннұр, 14 жас



Ақболат Альбина, 15 жас


Тілеген Құрманәлі, 10 жас


Ғатау Айсәуле, 5 жас


Жеткізгенова Айзада, 15 жас


Бисенғали Іңкәр, 10 жас


Меңдібайқызы Малика, 16 жас


Джубантұрлы Айзада, 15 жас


Аманқос Алина, 11 жас


Меңдібайұлы Байқұл, 13 жас



Бекетай Арайлым, 10 жас


Тұрым Жанель, 11 жас



Нұрбек Даниял, 10 жас


Төлеген Санжар, 8 жас



Жалауова Мадина, 16 жас




Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция алқасы: Л.Жолдыбаева, Ғ.Әбдісадық
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз: 130000, Ақтау қаласы 6 ш.а., № 1 үй, тел: 212-035, 215-266 212-194, 211-885

Газет айына 1 рет шығады. Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г куәлігі берілген

- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
- Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және оны қайтармайды
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде терілді, беттелді.

Индексі: 64265

"ATIS" ЖШС баспаханасында басылды. Ақтау қаласы, 17 ш/а. тел: 525500